

**Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 3/54 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 маусымда № 22998 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы*

*М. Аманязова*

*Н. Тумьшев*

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2021 жылғы 28 мамырдағы

№ 3/54 шешіміне

қосымша

**Маңғыстау облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. "Түпқараған ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/443 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2942 болып тіркелген).

2. "Түпқараған ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/444 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2949 болып тіркелген).

3. "Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 13/159 шешіміне қосымшаның 10 және 11 тармақтары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3438 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК